

Оспанова Салтанат Мухитовна

д-р филос. наук, старший преподаватель
Каспийский государственный университет
технологий и инжиниринга им. Ш. Есенова
г. Актау, Республика Казахстан

ЖОҒАРЫ МЕКТЕП ПСИХОЛОГИЯСЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

Аннотация: психология является одной из отраслей психологической науки высшей школы. В основном психология в высшей школе рассматривает психологические закономерности хода. Основной задачей психологии познавательных процессов студентов в высших учебных заведениях является формирование учебно-воспитательного процесса психологических аспектов управления, рассмотрение хода, результатов, определение основных показателей процесса обучения, преподавателя в ходе педагогического процесса.

Ключевые слова: психология высшей школы, познание, концепция, принцип.

Аңдатпа: жоғары мектеп психологиясы психология ғылымының бір саласы болып табылады. Жоғары психология ғылымы негізінен жоғары мектептегі оқу – тәрбие процессінің барысының психологиялық заңдылықтарын қарастырады. Жоғары мектеп психологиясының негізгі міндеті жоғары оқу орынындағы студенттердің таным процестерінің (қабылдау, естесактау, дағды, іскерлік, ойлау т.б.) қалыптасуын, оқу – тәрбие процессінің жүруін басқарудың психологиялық аспектілерін қарастыру, оқу процессінің нәтижесінің негізгі көрсеткіштерін анықтау, педагогикалық процесстің барысындағы студентпен оқытушының қарым – қатынасындағы психо – педагогикалық мәселелерді қарастыру.

Кілт сөздері: жоғары мектеп психологиясы, таным, концепция, принцип.

Жоғары мектеп психологиясы студенттердің таным процестерін зертей отырып, педагогикалық әдістердің нәтижелілігін анықтауға мүмкіндік береді. Жоғары мектеп психологиясын зерттеу жұмыстарының дамуы психология ғылымына қарағанда аздап кешеуілдеп дамыды. Салыстырып қарайтын

болсазқы жоғары мектеп психологиясы мәселелерін зерттеу жұмыстары 60 – шы жылдарды жүйелі түрде дами бастады. (С.И. Архангельский, С.И. Зиновьев, Т.В. Кудряцев, А.М. Матюшкин ж.б.) жоғарыда көрсетілген осы оқымыстылардың еңбектерінде жоғары мектеп психологиясы және жоғары мектепке қатысты мәселелер талқыланды. Бір айта кетерлік мәселе шешуін таппаған сұрақтардың қатары аз емес. Кезкелген еңбек саласында интеллектудық факторлардың көлемі артып келеді. Осы ған орай білім беру саласында да көптген жаңалықтар енде. Осы себепті қазіргі уақытта интеллектуалдық қабілеті жоғары дамыған, шығармашылықпен ойлай білетін, белсенді тұлғаны қалыптстыру міндеті тұр.

Ертеректе жоғары оқу орындары мен мектептердегі дәстүрлі міндеттердің бірі бұл қатысушыларды біліммен қамсыздандыру болатын. Қазіргі уақытта бұл міндет есепке алынбайды. Алайда бүгінгі күнгі ғылыми – техникалық даму әрбір жеке тұлғадан оқу іс – әрекетін дұрыс ұйымдастыра алуды, білім алуды, шығармашылық іскерлігін дамытудың тиімді формаларын игеруді, қысқа уақыттың ішінде көлемді ақпарат алуды талап етеді. Осы себепті бұл мәселені шешуде психологияның көмегі зор болсақ.

Көптеген жылдар бойы оқу процессіндегі психологияның рөлі мойндалмай келді. Педагогика мен психологияның өзара байланысын жай сыртқы форма ретінде қарастырды. Педагогиканың өзі бірнеше догмалық ой – пікірлердің жетегінде жүрді. Ал қазіргі кезде жаңа психологиялық зерттеулер бұл ғылым саласынның мүмкіндігінежаңаша түсінік берді. Оның оқу – тәрбие барысындағы рөлінің маңыздылығын көрсетті.

Жоғары білім беру саласының методологиялық негізізі материялистік - диалектикалық таным теориясы болып табылады. Бұл теория таным процестерінің жүру барысын диялектикалық – материялистік тұрғыдан кеңінен түсіндіреді.

Жоғары мектептегі оқыту мен тәрбиелеу процессінің барлығы мемлекеттік саясат пен ұстанымдарға негізделуі керек. Оқытушыныңжұмыс мазмұны, жүргізу формасы әдіс – тәсілдері студенттің бойында мемлекеттік бастамаа

қолдауды, мемлекет алдындаы жауапкершілік және оны қорғауға деген сезімін қалыптастыруа негізделуі керек.

Жоғары оқу орыны оқытушысының ең негізгі міндеті +- болашақ жас мамандардың дүниеге көзқарастарын диялектикалық – материялистік тұрғыдан қалыптастыру болып табылады. Болашық өз мамандыы бойынша диялектикалық – материялистік білімғана алып қоймай сонымен қатар 3 ісімен мемлекет жұмысының тығыз қарым – қатынасын ұғынуы керек.

Білім алу барысындағы міндеттерді шешуде студенттердің іс – әрекеті аса жоғары белсенділікті қажет етеді. Л.С. Выготскидің концепсиясы бойынша адам қоғамның толыққанды мүшесі болуы үшін. Жеке адам тарихи материялдық және рухани құндылықтар негізінде белгіленген адамдамдардың алдыңғы іс – тәжірибесін меңгеруі қажет. Сонда ғана жеке адам қоғамның толық мүшесі юолып есептелінеді. А.Н. Лентев бұл ойды жалғастыра отырып былай деді. «бұл процесс адамның жеке функциялары мен қабілеттерінің тарихи қалыптасуынан көрінді».

Бұл ой – пікірлерді адамның психикалық дамуы әлуметтік іс – тәжірибенің негізінде қаланады деп қорытуымызға болады. Бұл айтылған мәселелер тек оқыту психологиясынағана емес сонымен қатар тәрбие психологиясына да қатысы бар. Себебі жастардың жеке тұлғасының қалыптасуының барысы автоматты түрде емес оның ішкі жан дүниесінің өзгеруінің негізінде жүреді. Оның ішкі ұстанымы сыртқы іс – әрекетінің бағыттаушы болып табылады.

Тұлғаның жеке ұстанымдары, мативтерінің жиынтығы, оның өміріндегі идиял тұлғалары сыртқы дүниеге деген көзқарасы, өзін – өзі бағалауы жеке адамды сырқы әсерлердің ықпалына түсіп кетуден сақтайды.

Осындай канцепсиялардың бірі ақыл – ой іс – әрекетінің сатылық қалыптасуы. Бұл жайында 50 – ші жылдарда П.Я. Гальфериннің еңбегінде кеңінен баяндалады. Ондағы қортынды пікір білім қатысушылардың жүйелі іс – әрекеттерінің негізінде қалыптасады делінген. Адам ойлай алу іс – әрекетін табиғаттан алмайды. Ол ойлауды жүре бара үйренді. Мұндағы педагогтың рөлі осы процестің жүруін қадағалау жән дұрыс бағытта ұйымдастыра білу.

Жоғары мектеп психологиясының іс – әрекетпен сананың бірлігі деген принципіне негізделе отырып белгілі психологтар П.Я. Гальферин мен Н.Ф. Талызина және олардың әріптестері білімді игеру процессін белгілі бір іс – әрекетті орындау және меңгеру негізінде жүзеге асады деп белгіледі. Бұл көзқарас тұрғысынан алатын болсақ психикалық іс – әрекет қоршаған ортаның сыртқы материалдық шынайы ба\ейнесі. Ішкі жаңа психикалық, ойлау әрекеттерінің әдістері материалдық не материалға айналдырылған әрекеттерсіз өтуі мүмкін емес. Бұл ой әрбір әрекет нақты заттар негізінде жүреді дегенді білдіреді. Келесі кезектегі дыбыстап сөйлеу негізінде жүзеге асады, іс – әрекеттің барысы баяндалады. Келесі кезекте іс – әрекет сыртқы формадан ішкі әрекетке айналады. Педагог қатысушылардың әрбір іс – әрекетін бақылап берілген білімді меңгеруін қадағалауына болады.

Таным іс – әрекеттерінің бағдарламалық бөлімінің сапалы меңгеру мына төменжегі анықтамамен анықталады – қатысушылардың белгілі бір іс – әрекетті орындауының барысындағы объективті жағдайдың жиынтығы. Ақыл – ой іс – әрекеттерін сатылы меңгеру теориясына сәйкес – бұл ойлау әрекетінің маңызды бөлімдерін меңгеру бағдарламаны меңгеру негізінде ғана қалыптасатындығын көрсетеді. Ал қалғандары сол көрсетілген маңызды бөлікті құраушы ған болып қалабереді.

Совет психологтарының бір қатар еңбектерінде (Н.А. Менчински., Г.С. Костюка.) қатысушылардың материалдарды меңгеруі өзкезегінде оқу іс – әрекеттерінің әдісін анықтайтын таным процестерінің орналасу құрылымына қарай жүреді делінген. Сонымен қатар қатысушылардың сабақты меңгеруі оқылатын материалдардың мазмұнына, және әдістеріне байланысты болады депте көрсетіледі. Қатысушылар педагогтың басқаруында болған жағдайдың өзінде олардың әрекеттерінен жаңа типтегі міндеттерді шешудегі өзіндік әрекеттер де байқалған. Осы жағдайда білім беру процессінде дамытушылық эффект пайда болады.

Таным мәселелерін өзінің жеке әрекеттерімен шешу арқылы қатысушылардың ойлау қабілеттері қалыптасадыма проб\лемалық жағдайдан

жолтауып шыға аладыма?, деген сұрақты Д. Б. Эльконин мен В.В. Давыдов өзгалдыларына сұрақ етіп қойған болатын және мына төмендегі болжам ұсынылған болатын. – Қатысушы ойлау процессін өздігінен жеткілікті деңгейде жүргізе алмаса оқу процессінің барысында білім алудың өнімділігі төмен әдісі қолданылады. Оқу процессін басқаша ұйымдастыра отырып, соған сәйкес нәтижеге жетуге болады.

Іс – әрекет қағидасы. Бұл қағида тұлғаның белсенді әрекет етуге итермелей отырып, сол белсенділіктің негізінде оның дамуының негізін көрсетеді.

Бұл аталмыш қағиданың негізі адамның интеллектуалдық дамуын көрсетпейді, сонымен қатар тұлға ретіндегі дамуында көрсетеді.

Кеңес психологтарының осындай зерттеулері (Д.Б. Эльконин, П.Я. Гальперин., Н.Ф. Талызин т.б.) оқу процессіне «іс – әрекеттік жұғысу» қағидасын алып келген болатын. бұл қағида жоғары оқу орындарындағы оқу процестерін ұйымдастырудағы секілді білімді игеру барсында да жоғары өнімділік әкелді.

Әдебиеттер тізімі

1. Основы педагогики и психологии высшей школы / Под редакцией академика АПН СССР А.В. Петровского 7 м. – 1986.

2. Әбілхасымова Ә.Е. Студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалаптастыру: Монаграфия. – Алматы: Білім 1994. – 199 б.

3. Педагогика и психология высшей школы: Учебное пособие. – Ростов: Феникс, 2002. – 554 с.